

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 3 (99)

3 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

Mikhailov V.K. Professional'no-tehnicheskoe obrazovaniye v Kazakhstane. Moskva: Profhizdat, 1962. P. 167.

A.N. Nusupbekov. Formirovaniye i razvitiye sovetskogo rabocheho klassa v Kazakhstane. (1917-1940 gg.) [Formation and development of the Soviet working class in Kazakhstan. (1917-1940).]. Alma-Ata: «Nauka» KazSSR, 1966. P. 243.

Sovetskiy soyuz (Stanovlenie SSSR) [The Soviet Union (The formation of the USSR).]. Moskva: «Russkiy yazyk», 1982. P.134.

Soltustik Qazaqstan oblisy [North Kazakhstan region.]. Entziklopedia. Almaty: «Arys» баспасы, 2006. P. 704. 48 bet turli-tusti zhapsyrma.

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_117

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ АҒАРТУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ

А.Т. Қаипбаева^{1ID}, А.М. Әбікей^{1ID*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*Автор-корреспондент

E-mail: aina_78@mail.ru (Қаипбаева), abikey.arm@mail.ru (Әбікей),

Түйіндеме. Мақалада Қазақстанда кеңестер билігінің орнауымен басталған білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер, зайырлы білім беру жүйесінің белсенді жүргізілуіндегі Қазақстанның Ағарту халық комиссариатының қызметі қарастырылады. Ағарту халық комиссариатының Қазақстандағы зайырлы білім беру жүйесіне сай мектеп құрылысы, оқулықтар мен мамандар тапшылығы сынды өзекті мәселелерді шешудегі қабылдаған қаулылары мен нақты жұмыс жоспары туралы мәселе көтереді. Мақала барысында Қазақстанда зайырлы білім беру жүйесінің енгізілуіне артықшылықтар берген большевиктердің ұстанымдары, ұлттық дүниетаным мен білім берудегі дәстүр сабақтастығын ескермеуі сынды көзқарастары талданады. Атап айтқанда қазан революциясына дейінгі қазақ жерінде қызмет еткен мектеп-медреселердің жұмысына тыйым салынып, оларды діни білім мазмұнын берумен шектелетін орындар ретінде қарастырды. Мұндай шектеулер патшалық Ресей түсында жұмыс істеп бастаған орыс-түземдік мектептерге де қатысты болды. Зайырлы білім беру жүйесінің артықшылықтары көп екені жасырын емес. Алайда оның Қазақстандағы алғашқы қиындықтары өте көп боды. Ол әсіресе қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығымен айналысуы салдарынан тұрақты мектеп жұмысына балаларын жұмылдыра алмауымен тығыз байланысып жатты. Сонымен қатар қазақ тіліндегі оқулықтар мен арнайы білімі бар мамандарға деген сұраныс өте жоғары болды. Міне осы аталған өзекті мәселелерді шешіп, аталған бағыттағы жұмыстардың жүйелі түрде жүруін қамтамасыз еткен Ағарту халық комиссариаты болды.

Кілт сөздер: Халық ағарту комиссариаты, зайырлы білім, мектеп, оқулық, оқушы, зиялы, мұғалім, жүйе, жоспар.

Мақала №AP08856779 «XX ғ. 20-30-жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім мен ағарту жүйесі» жобасы аясында жазылды.

МРНТИ 03.20.00

ФОРМИРОВАНИЕ СИСТЕМЫ СВЕТСКОГО ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ И НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ ПРОСВЕЩЕНИЯ

А.Т. Қаипбаева^{1ID}, А.М. Абикей^{1ID}

¹Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: aina_78@mail.ru (Қаипбаева), abikey.arm@mail.ru (Абикей)

Аннотация. В статье рассматриваются коренные изменения в сфере образования, начавшиеся с установлением Советской власти в Казахстане, а так же рассматривается роль Народного комиссариата просвещения Казахстана в активной реализации светской системы образования. Народный комиссариат просвещения ставит вопрос о решениях и конкретных планах работы по решению насущных вопросов, таких как строительство школ, учебники и нехватка кадров в соответствии со светской системой образования в Казахстане. В статье анализируются позиции большевиков, выступавших за введение в Казахстане системы светского образования, и их взгляды, такие как игнорирование преемственности национальной идеологии и образовательных традиций. В частности, деятельность медресе, действовавших на казахстанской земле до Октябрьской революции, была запрещена и считалась ограниченной как религиозное образование. Аналогичные ограничения применялись и к русско-толерантным школам, которые начали действовать при царской России. Не секрет, что светская система образования имеет множество преимуществ. Однако его первых трудностей в Казахстане было немало. Особенно это было тесно связано с неспособностью казахского народа мобилизовать своих детей на регулярные школьные занятия из-за их кочевого скотоводства. Также был высокий спрос на учебники казахского языка и специалистов со специальным образованием. Именно Народный комиссариат просвещения решал эти насущные вопросы и обеспечивал планомерность работы в этой области.

Ключевые слова: Наркомпрос, светское образование, школа, учебник, ученик, интеллигент, учитель, система, план.

IRSTI 03.20.00

FORMATION OF THE SYSTEM OF SECULAR EDUCATION IN KAZAKHSTAN AND THE PEOPLE'S COMMISSARIAT FOR EDUCATION

Ainagul Kaipbayeva^{1DD}, Arman Abikey^{1DD}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty, Kazakhstan.

*Corresponding-author

E-mail: aina_78@mail.ru (Kaipbayeva), abikey.arm@mail.ru (Abikey)

Abstract. The article considers the radical changes in the field of education, which began with the establishment of Soviet power in Kazakhstan, the role of the People's Commissariat of Education of Kazakhstan in the active implementation of the secular education system. The People's Commissariat for Education raises the issue of decisions and concrete work plans to address pressing issues such as school construction, textbooks and staff shortages in line with the secular education system in Kazakhstan. The article analyzes the positions of the Bolsheviks, who supported the introduction of a secular education system in Kazakhstan, and their views, such as ignoring the continuity of national ideology and educational traditions. In particular, the operation of madrassas operating on Kazakh soil before the October Revolution was banned and considered restricted as a religious education. Similar restrictions were applied to Russian-tolerant schools that began to operate under Tsarist Russia. It is no secret that the secular education system has many advantages. However, his first difficulties in Kazakhstan were many. It was especially closely connected with the inability of the Kazakh people to mobilize their children for regular school work due to their nomadic pastoralism. There was also a high demand for textbooks in the Kazakh language and specialists with special education. It was the People's Commissariat for Education that resolved these pressing issues and ensured the regularity of work in this area.

Key words: People's Commissariat of Education, secular education, school, textbook, student, intellectual, teacher, system, plan.

Кіріспе. Қазан революциясының жеңісінен кейін орын алған азамат соғысы 1920 жылдары большевиктердің жеңісімен аяқталды. Осылайша Қазақстанда большевиктердің билігі түпкілікті орнаған болатын. Бұл қоғам өмірінің барлық саласындағы түбегейлі өзгерістерге жол ашты. Үлкен өзгерістер әсіресе білім саласын қамтыды. Қазақ жерінде қалыптасқан білім беру мекемелерінің жұмысына теріс баға беріліп, оны заман талабына сай келмейтін оқу орындары ретінде сипаттады. Жаппай зайырлы білім беру жүйесіне негізделген оқу үдерісін ұйымдастыру ісі басталды. Мұндай түбегейлі өзгерістер өз кезегінде жоспарлы әрі жүйелі жұмыстарды талап етті. Негізгі жұмыстар Қазақстанның Ағарту халық комиссариатына жүктелген болатын. Ағарту халық комиссариаты Қазақстандағы зайырлы білім беруге негізделген оқу үдерісін ұйымдастыру барысында бірқатар қиындықтарды еңсере отырып, белгілі бір жетістіктерге жете алды. Әрине Ағарту халық комиссариатының жұмыстарында да кемшіліктер кездесті.

Оларды сараптай келе, ғылыми тұжырымдаудың қажеттілігі сезіледі. Бұл мәселенің көкейкесті екендігінің басты көрсеткіші болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған тақырыптың деректік негіздерін бірқатар архив құжаттары құрап отыр. Атап айтқанда Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінің 2306 қорында бірқатар құжаттар сақталған. Аталған қорда қалыптасқан құжаттар жалпы одақ көлеміндегі Ағарту халық кеңесінің қаулылары мен білім беру ісіне енгізілген өзгерістер, коммунистік партия талаптары мен бетбұрысты ұсыныстар жинақталған. Сөзсіз Қазақстандағы Ағарту халық комиссариатының жұмысы тікелей орталықтың нұсқаулары негізінде ұйымдастырылды. Сонымен қатар қарастырып отырған тақырыпқа қатысты Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің құжаттар жинағы да қолданылды. Бұл құжаттар жинағында Сырдария мен Жетісу облыстарындағы білім беру ісі мен мекемелерінің жұмысының ерекшеліктері туралы мәліметтер сақталған. Қарастырып отырған тақырыпқа қатысты деректердің үлкен тобы Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің №139, 141 қорларында бірқатар мәліметтер бар. Мұндағы Қазақстандағы Ағарту халық комиссариатының атқарған жұмыстары мен зайырлы білім беру жүйесіне қатысты статистикалық көрсеткіштер терең талдауды талап етеді.

Мәселені жан-жақты зерттеу барысында біз тарих ғылымына белгілі бірқатар әдістерді қолдана алдық. Олардың қатарында тарихи салыстырмалы талдау, ретроспективтілік, жалпыдан жалқыға өту, контент талдау, баяндай отырып, сипаттау, ой қорыту сынды әдістерді атауға болады. Басшылыққа алынған ғылыми қағидаттар қатарында шынайылық, тарихилық қағидаттарын атай аламыз. Біз мәселені талдау барысында кез-келген қаулы мен бастама сол тарихи кезеңнің ерекшеліктерімен санаса отырып қарастырылады.

Нәтижелер мен талдаулар. Қазақстанда кеңестер билігінің орнауымен білім беру саласы түбегейлі өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Білім саласындағы мұндай өзгерістер қазан революциясынан кейін емес, азамат соғысы аяқталғаннан кейін белсенді жүзеге аса бастады. Қазақ жерінің майдан даласына айналуы әрі «әскери коммунизм» саясатынан кейін орын алған аштық білім саласына өзгерістер енгізуге мүмкіндіктер бермеді. Сол жылдардағы әсіресе қазақ ауылдарындағы мектептердің ахуалы сын көтерместей дәрежеде болған еді. Тіпті большевиктер билігі орнаған жылдары қазақтардың басым көпшілігі көшпелі өмір салтына сай өмір сүргендігін ескерсек, ауылдардағы мектептердің 99 % арнайы ғимараты болмаған деген мәліметтер бар (ҚР ПА, 444: 41). Билікке келген большевиктер қазақ жерінде өздерінің жоспарлары мен бастамалары сәтті жүруі үшін деген желеумен қазақтар арасында зайырлы білім беру жүйесін кеңінен енгізілуіне күш салды. Бұл ретте үлкен жауапкершілік Халық комиссарлар Кеңесіне жүктелді. Сондықтан осы ағарту саласы бойынша Халық комиссариатының алдына қойылған негізгі міндет қазақ халқы арасында ағарту жұмыстарын жүйелі жүргізу болды. Осы мақсатта 4 жылдық мектеп-коммуналарының жұмысын күшейту, қазақтар арасында техникалық бағыттағы ағарту жұмыстарын ұйымдастыру, кейіннен Кеңестік құрылысқа қажетті мамандарды даярлау ісін қолға алу үшін арнайы мектептерді ұйымдастыру болды (ҚР ПА, 444: 38). Бір ерекшелігі Ағарту халық комиссариатының зайырлы білім беру жүйесін енгізудің алғашқы қадамдарында алдымен жергілікті жердегі органдарды күшейту жұмыстарында қазақ арасынан шыққан мамандарды тарту кеңінен көзделген. Сонымен қатар осыған дейін білім саласын бақылап, оқу үдерісін ұйымдастырып келген органдардың қызметі тоқтатылып, талапқа сай емес деп анықталған. Жалпы большевиктер қазақ даласында патша үкіметі ашқан орыс-түземдік мектептер сынды білім беру мекемелерінің жұмысына теріс бағасын берген. Патша үкіметі жұмысшылар мен шаруаларды қанап қана қоймай, білім алуы мен мәдени толысуына қарсы болды деген пікірді ұстанған. Әсіресе азшылықты құрайтын өзге ұлт өкілдерін мүлдем дамытуға құлықсыз болды деген ұстанымды Ағарту халық комиссариатының есептерінен байқаймыз. Әрине бұл екіұшты мәселе. Салыстырмалы түрде алғанда патша үкіметі тұсында қазақ зиялыларының үлкен толқыны қалыптасып, ағартушылық мақсатта түрлі мерзімді басылымдар да шығып тұрған. Мұндай ой еркіндігі большевиктер құрған үкімет тұсында мүлдем болмаған. Дегенмен қос биліктің де түпкі ұстанымы бір еді.

Қазақстанда ашылған мектептерге қажетті мамандарды даярлайтын бірнеше оқу орындары бар екендігі белгілі. Солардың бірі – 1919 жылы Орынбор қаласында ашылған Қазақ халық ағарту институты болып табылады. Аталған институт қаладағы жетіжылдық және ауыл мектептері үшін мамандар даярлау қызметін атқарған болатын. 1921 жылдың өзінде аталған институтта 140 студент білім алып жатқан болатын. Қазақ мектептеріне мұғалімдерді даярлау болғандықтан институттағы оқу үдерісі тек қазақ тілінде жүрген болатын. Орынбордағы осы Қазақ халық ағарту институты сол жылдардағы зайырлы білім беру жүйесінің аса маңызды мәселесі мамандар даярлау ісін жүзеге асырғандықтан Қазақстан өлкелік партия комитетінің пленумында бірнеше рет аталған институттың материалдық жағдайын жақсарту міндеті қойылады. Кейіннен бұл институт қазақ жеріне көшіріліп, әр жылдары институтта екі жүзге тарта студенттер білім алған. Институтты Сәкен Сейфуллин сынды ұлт қайраткерлері басқарса, Т. Жүргенов, Қ. Жұбанов, С. Меңдешов және тағы да басқа ұлт қайраткерлері сабақ берген болатын (Мұхатова, Қаипбаева, 2021: 130-132).

Қазақстанда кеңестер билігі толыққанды орныққаннан кейін жергілікті қазақ халқын зайырлы білім беру жүйесіне кеңінен тарту желеуімен орыс тілі мен мәдениетін кеңінен насихаттау жұмысын жүйелі жүзеге асыра бастады. Қалалық және ауыл деңгейінде жиналыстар мен бас қосулардың барлығы дерлік білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру, мектеп ашу сынды мәселелерге тоқталып отырды. Осы жиындар барысында мектеп ғимараттары мәселесі аса маңызды екендігін байқауға болады. Өйткені жаңа мектеп ғимаратын салу ісі үлкен қаражатты талап етті. Сондықтан жаңа мектеп ғимаратын ауылды және қалалық жердегі құрылыс нысандарын пайдалану ісі қолға алынды.

Қазақстанда 1920 жылдың қазан айында өткен Қазақстан Кеңестерінің Тұңғыш съезі «ҚазКСР жұмысшыларының құқықтарының декларациясын» қабылдаған болатын. Осы декларация барысында Қазақстан жұмысшылары мен қазақ кедейлері үшін толыққанды әрі тегін негізде білім алуына жол ашылады делінген еді. Рас қазан революциясы мен азамат соғысынан кейін билікке келген большевиктер Қазақстан аумағындағы білім беру дәстүрін бастады десек, қате болады. Орыс-түземдік мектептердің жұмысы патшалық Ресей тұсында болса және конфессионалдық мектептер оған дейін де болған еді. Сондықтан большевиктер қазақ даласына білім мен мәдениетті алып келді, мектеп жұмысының тарихи бастауында тұрған деген пікірлер негізсіз болып табылады. Тіпті 1920 жылы статистикалық мәліметтерге қарағанда Торғай, Орал және Бөкей Ордасының өзінде I сатылы 1119 мектеп жұмыс жасап тұрған. Өз кезегінде II сатылы мектеп саны 25 болған еді. Осылардың барлығында 80247 оқушы білім алып жатқан болатын (20 лет, 1940: 194). Сөзсіз мұндай салыстырмалы түрде статистикалық көрсеткіштер бір немесе екі-үш жылдың ішінде қалыптаса салмайтыны түсінікті. Демек Қазақстанда кеңестер билігінің орнауы тек қана қалыптасқан білім беру үдерісін әрі қарай басқаша сипатта дамытумен ғана байланысты болды. Сол себепті тарихнамада кездесетін бірқатар ұстанымдарды қайта қараудың қажеттілігі туындайды.

Қазақстандағы зайырлы білім беру ісінің қарқынды жүруіне Бүкілодақтық Коммунистік партияның X съезінің шешімдері маңызды болды. Съездің барысында көтерілген мәселелер қатарында артта қалған және азшылықты құрайтын ұлттардың Ресейдің орталық бөліктеріндегі игіліктерге қол жеткізуіне жәрдемдесуді атап өтуге болады. Ол үшін мемлекеттік басқару ісін ұлттық дүниетанымға жақындата отырып дамыту және сот, әкімшілік, шаруашылықтық істерді жүргізу, билік органдарына сол жергілікті тұрғындардың тілі мен дәстүрін білетін сол ұлттың өкілдерін жіберу туралы шешім қабылданған болатын. Сонымен қатар өзіндік баспасөз, мектеп, театр, мәдениет үйлерін ана тілінде дамыту ісі де көзделген болатын. Ең маңыздысы мектеп пен курстардың кең көлемдегі желілерін қалыптастыру жоспарланған болатын. Бір атап өтетін жайт съездің шешіміне сай бұл мектептер де ана тілінде болуы шарт еді. Мұндағы басты мақсат ана тілін жетік білетін сапалы мамандарды дайындау еді. Әсіресе білім беру саласының мамандарын қалыптастыру көзделді. Біздің пікірімізше кеңестік биліктің бір ерекшелігі сөзбен істің алшақтығын әр қаулы мен бұйрықтардан байқауға болады. Егер де Қазақстандағы мемлекеттік билікке жергілікті ұлт өкілі тек XX ғасырдың ортасында келгендігін ескерсек, осы съездің шешімдері тек ширек ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін ғана орындалғандығын көреміз. Ал мектеп, курс, өзге де мәдени-ағартушылық мекемелердің жұмысы қазақ емес, керісінше орыс тілінде белсенді жүргені жасырын емес. Дегенмен аталған съездің шешімдері Қазақстандағы зайырлы білім беру жүйесінің қарқынды дамуына түрткі болды. Мысалы 1921 жылдың өзінде-ақ 2410 бастауыш және орта мектептері жұмыс жасады. Осы мектептердегі білім алушылардың жалпы саны 144002 оқушы болды. 1914 және 1915 жылдардағы оқу жылында 105 мың болған еді (20 лет, 1940: 195). Демек 1920 жылы 80 мыңнан астам оқушы болды десек, бір жылдың ішінде білім алушылар саны күрт өскендігін байқаймыз.

Рас мұндай үлкен көрсеткіштерге қол жеткізу үшін үлкен қажырлы еңбектер атқарылғаны сөзсіз. Біз төменде қарастыратын мұғалімдер тапшылығы да өзекті мәселелер қатарына жатып, дереу шешімін талап етті. Патшалық Ресей тұсындағы мектеп-медресе мұғалімдерінің біліктілігі ескерілмеді. Мысалы мектеп-медресе мұғалімдерінің еңбегі ұлттық құндылықтар мен ұлттық дүниетанымға негізделген білім мазмұнына ие немесе діни ілімге негізделген білім мазмұнына артықшылықтар береді деген желеумен ескерілмеді. Демек ұлттық ерекшеліктерді ескеруге шақырған X съезінің шешімдері жергілікті жерлерде, нақтырақ айтқанда Қазақстанда ескеріле бермеді деп айтуға толық негіз бар.

1923-1924 жылдар аралығында халыққа білім беру ісінде алға жылжушылықтар байқалған. Ол әсіресе баспасөз шығару мен мұғалімдерді даярлау ісінде және кәсіби қазақ тілінің, терминдерінің қалыптаса бастауынан көрінді. Осылайша белгілі бір дәрежеде большевиктік тәртіптегі қазақ мектептері ұлттық сипатқа ие бола бастады. Әрине алғашқы қадамдар болған соң, кемшіліктер орын алуы да заңдылық. Бұл тұрасындағы мәліметтер Ағарту халық комиссариатының 1923-1924 жылдары атқарған жұмыстарының есебінде сақталған. Халыққа білім беру ісінде жаңа әдістердің жоқтығы, білім беру мекемелеріндегі ұйымдастыру жұмыстары мен өзара байланыстың әлсіздігі, қалалық жерлермен салыстырғанда ауылды жерлердегі мәдени-ағарту ісіне жеткілікті дәрежеде көңілдің бөлінбеуі сынды кемшіліктер аталады. Сондықтан алдағы уақытта басымдылыққа ие болуы тиіс мәселелер қатарында:

Жергілікті жерлердегі педагогикалық құрамның барынша тұрақты жұмыс істеуіне көңіл бөліп, оларды жиі ауыстыруға жол бермеу. Педагогикалық құрамды ауыстыру, өзгерту ісі тікелей Ағарту халық комиссариатымен келісуі тиіс;

Білім беру мекемелерінің материалдық жағдайын жақсарту ісіне жергілікті бюджетті кеңінен тарту, бөлінген қаражатты үнемдемей барынша пайдалану мәселелері көтеріледі (ҚР ПА, 186: 75). Рас XX ғасыр басындағы білім беру мекемелері өзінің қарапайымдылығымен ерекшеленді. Әсіресе ауылды жерлердегі мектептердің материалдық жағдайлары сын көтерместей дәрежеде болған еді. Тіпті жекелеген ауылдарда мектеп ісін ұйымдастырудың да мүмкіндіктері жоқ екендіктері айтылады. Біздің пікірімізше бұл әсіресе көшпелі мал шаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты тұрмыс салты қалыптасқан қазақ ауылдарына қатысты болған. Алайда отырықшы қазақ ауылдарында да мектептердің жоқтығы байқалған. Сондықтан 1925-1926 жылдары міндетті түрде осы қазақ ауылдарына мектеп салу ісін қолға алу үшін қажетті қаражатты жергілікті және мемлекеттік бюджет жоспарына енгізу тапсырылады. Сонымен қатар жер істері бойынша халық комиссариатына мектеп салу үшін қажетті орман материалдарын тегін босату мәселесін де тез арада шешу тапсырылады.

Халық ағарту комиссариатының 1923-1924 жылдары атқарған жұмыстарының есебінде Қазақ жеріндегі дәстүрлі білім беретін білім мекемелерінің орнына зайырлы білім беру мектептерін ашу ісінде ұлттық ерекшеліктерді ескеру мәселесі қарастырылған болатын. Бұл әрине патшалық Ресей түсындағы орыс-түземдік мектептердің тәжірибесін ескеруден туындаған деп санаймыз. Өйткені қазақтар арасында орыс-түземдік мектептер ерекше сұранысқа ие бола қоймаған. Оған себеп болған жайттың бірі орыс-түземдік мектептердегі оқу үдерісі тек орыс тілінде жүріп, қазақтар арасында сұранысқа ие болған пәндер оқытылмайтын еді. Халық ағарту комиссариаты жұмысының 1923-1924 жылдардағы есебінен ашылатын мектептерде ұлттық нақыштың сақталуына мән беруге шақыру әрекетін байқаймыз. Сонымен қатар алдағы жылы қазақ даласының әр уезінен жеті жылдық бір мектеп ашу ісі және әр техникум жанынан жергілікті халықтың балаларына арналған дайындық топтарын ашу да жоспарланады. Оқу үдерісінің сапалы болуы алдымен педагог мамандардың материалдық жағдайына тікелей байланысты екендігі айтыла келе, ауылды жердегі мұғалімдердің біліктілігін көтеру, жалақысын уақытылы төлеу, мұғалімдерге арналған конференциялар ұйымдастыру, қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету, жаз мезгілінен бастап қайта дайындықтан өткізу курстарын ұйымдастыру жұмыстары аса маңызды екендігі айтылады. Жалпы Қазақстанда кеңестер билігінің орнауымен белсенді енгізіле бастаған зайырлы білім беру жүйесі бірқатар қиыншылықтармен жүзеге асты десек, соның бірі оқулық мәселесі болды. Қазақ тіліндегі оқулықтар алғашқы жылдары мүлдем жоқ болса, орыс тіліндегі оқулықтар саны шектеулі болған еді. Әрине осы күнге дейінгі қолданыста болып келген қазақ тіліндегі оқулықтар болғаны жасырын емес. Алайда ол большевиктердің жоспары мен жалпы зайырлы білім беру жүйесіне сай болмай шыққан еді. Большевиктер мен жергілікті басшылар қазақ халқы жылдар бойына қолданып келген араб қарпіндегі кітаптарды түсінбеді. Сондықтан да ол көпшіліктің сұранысына сай емес деген қорытындыға келіп, оқулық дайындау ісін жоспарлады. Ол үшін алдымен түбегейлі түрде қазақ әліппесін реформалап, жаңа арнаға бағыт алды. Осы ретте атап өтетін бір жайт, қазақ халқының XX ғасыр басында қалыптасқан ұлт қайраткерлері қазақ тіліндегі оқулықтарды даярлау ісіне ерекше белсенділікпен кіріскен болатын. Тіпті үлкен жетістіктерге де жетті. Алайда кеңестік тарихнамада олардың еңбектеріне теріс баға беріліп, олардың қазақ тіліндегі оқулықтарды жазуын жоққа шығарушылық байқалады. Мысалы «20 лет Казахской ССР» деп аталатын еңбекте сол жылдардағы Қазақстанның партиялық ұйымы буржуазияшыл ұлтшылдармен тегеурінді қарсыласа отырып, олардың партия мен үкіметтің халық ағарту саласындағы саясатына деген наразылығын ауыздықтай алды деген мәліметтер береді (20 лет., 1940: 195). Қазақ тіліндегі оқулықтарды даярлау ісіне атсалысқан ұлт қайраткерлерінің басым көпшілігіне «ұлтшыл» деген жала жабылғанын ескерсек, еңбектің кімдерді меңзегені түсінікті болады. Ұлттық құндылықтарға ерекше мән берген ұлт қайраткерлерінің еңбектері уақыт өткеннен айналымнан шығып қалды. Әрине оның себептерін оларға тағылған айыппен де байланыстыруға болады. Алайда біздің пікірімізше ұлт қайраткерлерінің еңбектерінде ұлттық сипат басым болды. Тіпті терминдерді де қазақшаға аудару әрекеттері орын алып отырған еді. XX ғасырдың 20-30 жылдарында бой көтере бастаған мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етуге ұлт қайраткерлері зор үлес қосты. Атап айтқанда, қарастырып отырған осы жылдары М. Дулатовтың «Есеп құралы», М. Жұмабаевтың «Педагогика» және «Баланы тәрбие қылу жолдары», Ж. Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі», «Психология» мен «Жан жүйесі және өнер таңдауы», Е. Омаровтың «Пішіндеме» мен «Физика», Х. Досмұхамедовтың «Жануарлар» мен «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі», Қ. Кеменгеровтың «Оқу құралы», «Орысша-қазақша тілмаш», С. Қожановтың «Есептану құралы», Е. Ермековтың «Ұлы математика курсы», Б. Майлиннің «Ересектерге арналған әліппе» атты оқулықтары жарық көрді. Осы оқулықтардың мазмұнымен таныса келе, ұлт зиялыларының қазақ тілінің тазалығы үшін ғылыми терминдерді қазақ ұғымдармен ішінара алмастыруға тырысқандықтарын байқауға болады. Мысалы, «ассимиляция» ұғымын Ж. Аймауытов «сіңістіру» деп қолданса, «синтезді» «ұластыру» деп қарастырған. Әрине, мұндай мысалдар өте көп. А. Байтұрсынов

еңбектерінде бүгінгі қазақ тіліндегі зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш ұғымдары алғаш көтеріліп, айналымға енгізілген. Мағжан Жұмабаев өзінің еңбегін жазу барысында осы күнге дейін педагогика пәні болмауы себепті, терминдерді алмастыратын қазақша сөздер табу қиындық тудырғанын айта келе, мәтінде қазақша мақалдар мен сөз тіркестерін белсенді пайдаланған (Мажитаева, 2010: 33-38). Міне осындай ұлттық нақыш пен дүниетанымға көңіл бөлінген еңбектерге артықшылықтар беру большевиктердің түпкі жоспарына сай келмеді. Өйткені большевиктер Қазақстанда азаматтардың жаңа сапалық деңгейіндегі тобын қалыптастырғысы келді. Олар халықтар достығы мен кеңестер билігіне кәміл сенетін азаматтардың толқынын қалыптастыру үшін ұлттық құндылықтарды дәріптейтін оқулықтарды уақыт өте келе айналымнан шығарды. Ұлт қайраткерлері жаппай қудаланып, олардың еңбектері жоққа шығарылғаннан кейін 1938 жыл мен 1939 жылдың өзінде 6443 бастауыш және орта мектептің әртүрлі пәндеріне арналған оқулық пен оқу құралдары жазылса, соның 5523 данасы қазақ тілінде жарық көрген болатын.

1921-1922 жылдары азамат соғысы жылдарындағы «әскери коммунизм» саясаты салдарынан елде аштық орын алғаны белгілі. Әрине аштық салдарынан тек демографиялық дағдарысты жағдай қалыптасып қана қойған жоқ, аштықтың білім саласына да күрделі өзгерістер әкелген жайттары орын алды. Ол әсіресе қараусыз қалған балалардың санының артуына алып келуімен ерекшеленді. Сондықтан аталған жылдары қараусыз қалған балаларды арнайы балалар үйіне орналастырумен қатар, жергілікті шаруашылық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оларды артельдер мен коммуналарға тарту көзделді. Осы арқылы оларды еңбекке баули отырып, арнайы оқу орындарына жіберу ісі де көзделді. Бұл бағыттағы туындайтын шығындарды В.И. Ленин атындағы қор қаражатымен өтеу жоспарланған болатын. Білім беру ісі тек қана мектеп жасындағы ғана емес, сонымен қатар орта білімді мамандардың білімдерін одан әрі жетілдіру ісі көзделді. Бір ерекшелігі мұндай білім беру бағдарламалары қысқа мерзімге арналып, Республиканың өндірістік қажеттілігіне сай мамандарды даярлау ісіне бағытталған болатын (ҚР ПА, 186: 75).

Осы ретте бір атап өтетін жайт, большевиктер кирилл қарпін түсінбеген қазақтарды «сауатсыздар» қатарына қосқан болатын. Ал осыған дейін қазақ даласында қызмет етіп келген мектеп-медреселердің жұмысы жоққа шығарылып, араб әліппесін жетік меңгерген қазақтардың жазу мәдениеті ескерусіз қалды. Жалпы «сауатсыз» сөзі көп жағдайда жазу білмейтін адамға қатысты қолданылады. Алайда өз ойын жазбаша түрде еркін жеткізіп келген қазақ халқын большевиктер жаппай «сауатсыз» деп таныды. Өйткені ағарту саласының халық комиссарының 1923-1924 жылдардағы білім беру саласына қатысты баяндамасында қазақ халқының 97% «сауатсыз» деген мәліметтер кездеседі (ҚР ПА, 444: 37). Жазу мәдениеті қалыптасқан халықты «сауатсыз» деп тану немесе белгілі бір тілді, оның жазылу заңдылығын білмегені үшін төмендету дұрыс емес. Өкініштісі бүгінгі отандық тарихнамада жекелеген зерттеу жұмыстарында әлі күнге дейін осы ұғым пайдаланылып келеді. Өлкелік комитеттің бірыңғай міндетті бастауыш білім беру ісі бойынша 1928 жылы жарияланған құжаттарға мән беретін болсақ, большевиктердің өзі қазақ даласындағы білім беру ісінің тиісті деңгейде ұйымдастырылып келгендігін атап өтеді. Коммунистік партияның Орталық комитетінің пленумына дайындалған баяндамалық хатында қазақ тіліндегі әліппе алғаш рет 1915 жылы жарияланғандығы аталады. Осы құжат барысында Қазақстан аумағында 25-ке жуық ұлт өмір сүріп жатқандығы айтыла келе, қарақалпақ және дүңген сынды ұлт өкілдерінде жазу жоқ деп көрсетеді. Ал негізгі ұлт қазақтар болса, оқу үдерісі өздерінің ана тілінде ұйымдастырылатын ұлттық мектептерінің бар екендігін мойындайды. Рас XX ғасыр басындағы Қазақстандағы білім беру саласында орыс-түземдік мектептердің үлес салмағы жоғары болды. Сонымен қатар конфессионалды мектептер де халыққа білім беру саласы бойынша белсенді жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра алды. 1915 жылғы статистикалық мәліметтерге қарағанда, дәстүрлі жартылай конфессионалды мектептердің саны 500-ді құраса, онда жалпы жиыны 13 мыңдай оқушы білім алған. Ал орыс тілінде оқу үдерісін ұйымдастыратын мектептердің жалпы саны 1325 болса, онда 76511 оқушы білім алған болатын (ҚР ПА, 2259: 3). Алайда білім беру ісіндегі мұндай жетістіктер большевиктер тарапынан бағаланбады. Өйткені осы Коммунистік партияның Орталық комитетінің пленумына дайындалған баяндамалық хатында патшалық Ресейдің оқу үдерісін ұйымдастыру әрекетіне теріс баға беріледі. Өйткені большевиктердің Қазақстандағы зайырлы білім беру жүйесін енгізудегі басты ерекшелігі өзіне дейінгі білім беру мекемелерінің жұмысын жоққа шығару болып табылды. Патшалық билік тұсынан және оған дейінгі тарихи кезеңдерден ешқандай мәдени-рухани мұра қалмаған деген пікірді басшылыққа алды. Сол себепті де большевиктер өздерінің зайырлы білім беру жүйесін енгізу қарсаңында қазақтардың тек 1% ғана «сауатты» болған деген ұстанымда болды. Сондықтан алғашқы қадамдардың сәтсіз болуы, маман тапшылығы сынды қиындықтардың орын алуы мен көптеген кедергілерге тап болудың басты себебі де орыс тілімен байланысты мәдени мұраның болмауымен түсіндірді. Білім беру мекемелері мен мәдени ағартушылық мекемелерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында қабылданған шаралардың бірі – мамандардың жұмыс орнын себепсіз ауыстыра бермеу болып табылады. Ол турасында 1921 жылы Халық комиссарлар кеңесінің қаулысында ерекше аталып өткен болатын. Аталған қаулыда мемлекеттік

мекемелерде мәдени, ағартушылық жұмыстарды атқарып жүрген мамандардың жұмыс орнын себепсіз ауыстырмай, керісінше олардың қызметін дұрыс әрі жүйелі ұйымдастыру үшін қалыпты қолданатын материалдық игіліктердің көлемін арттыру да көзделген болатын.

Алғашқы жылдардағы Ағарту халық комиссариатының жұмысында түрлі қиындықтардың орын алуы заңдылық еді. Өйткені азамат соғысынан кейін республика аумағында орын алған қиындықтар қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Оның үстіне маман тапшылығы да терең байқалды. Осы олқылықты жою үшін Бүкіл қазақтық кеңестердің 3-ші съезі Қазақстан Орталық атқару комитетіне оқу үдерісін ұйымдастыратын мамандар санын арттыру және оған қажетті қаражатты жергілікті республикалық бюджеттен алу жүктеледі (ҚР ПА, 444: 40). Сонымен қатар тек маман тапшылығы ғана емес, білім саласын жүйелі ұйымдастыру үшін кедергісін келтірген факторлар қатарында оқулық мәселесі де болған еді. Сол біз атап өткен үшінші съездің шешіміне сай қазақ баспалары мен оқулықтарының санын арттыру мәселесі де қолға алына бастайды. Рас ашылған мектептердің өзі оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыруға қажетті құралдарға тым жұтаң болды. Бұл ретте біз тек Ағарту халық комиссариаты ғана емес, кемшіліктерді жою ісіне сонымен қатар өзге де шаруашылық істеріне жауапты органдардың да жұмылдырылғанын байқаймыз. Жоспарланған шараларды жүзеге асыру үшін арнайы комиссия да құрылады. Комиссия құрамына Ағарту халық комиссариатымен қатар, жер қатынастары органдары, өндірістік бюро, сыртқы сауда сынды ресми органдардың мүшелері кіреді. Бұл комиссия жұмысымен қатар, білім саласындағы маман тапшылығын жою үшін үшінші Кеңестердің бүкілқазақтық үшінші съезі барысында Орынбор қаласында жоғары оқу орнын ашып, осы арқылы мамандарды даярлау ісін қолға алу туралы шешімі шығады. Педагогикалық техникумдарда оқитын қазақ жастарына арнайы стипендия бөліне бастайды. Сөзсіз оқу үдерісін сапалы ұйымдастыру үшін аса маңызды факторлар қатарында біз мұғалімдердің материалдық жағдайы екендігін атап өттік. Осы кеңестердің бүкілқазақтық үшінші съезі барысында мұғалімдердің материалдық жағдайын жақсарту үшін олардың мәртебесін Республиканың аса маңызды өндіріс орындарының жұмысшыларымен теңестіру керектігі айтылады (ҚР ПА, 444: 42). Халық комиссарлар кеңесінің 1921 жылдың 12 желтоқсанындағы қаулысына сай әскери қызметкерлер үшін беріліп келген тұрғын үй алудағы жеңілдіктер мұғалімдер мен тәрбиешілерге де беріле бастаған болатын (РФ МА, 527: 2). Сөзсіз Мәскеу тарапынан осы шараларды назарға алуы аталған мәселенің өз шешімін табу мүмкіндігін арттырды.

Жалпы Қазақстанда кеңестік билік орнаған алғашқы жылдардан-ақ білім беру ісіне түбегейлі өзгерістер енгізу мәселесі аса өзекті болған. Өйткені 1921 жылы қабылданған Жаңа экономикалық саясат жылдарының өзінде халыққа білім беру саласын осы экономикалық өзгерістерге сай етіп жасақтау ісі басталды. Өйткені Жаңа экономикалық саясат жылдарында ашылған мектептердің материалдық жағдайларын жақсарту жұмыстары қолға алына бастаған еді. 1921 жылдан бастап Халық ағарту комиссариаты мен оның жергілікті органдарына өздерінің жеке меншік өндіріс орындарын ашуына рұқсат берілген болатын. Сондықтан осы жылдардан бастап мектептерде шаруашылық істері бойынша кеңестер жұмыс істеп бастайды (ҚР ПА, 445: 107). Осы жылдардың өзінде зайырлы білім беру жүйесін сәтті енгізуге кері әсер етіп отырған факторлар анықталып, кемшіліктерді жою бойынша жоспарлы әрекеттер құрыла бастайды. Әрине жоғарыда атап өткеніміздей, маңызды мәселелер қатарында маман тапшылығы болғандығын байқаймыз. Мамандарды даярлау ісі мен олардың қызметтерін жүйелі ұйымдастыру үшін Орталық нұсқаулық бюросы ережесі қабылданып, Ағарту халық комиссариаты алқасы тарапынан мақұлданады. Мектептерде жұмыс жасайтын маман тапшылығымен қатар, сол жылдардағы Ағарту халық комиссариатының жұмысында да олқылықтар орын ала бастаған. Жалпы байқағанымыз маман тапшылығы мәселесі кеңестер билігі орнаған алғашқы жылдардан басталып, ұзаққа созылған. Мысалы 1928 жылғы баяндамалық хатта келтірілген мәліметтерге қарағанда жергілікті қазақ халқының арасынан шыққан мұғалімдерге деген сұраныс өте жоғары болғанымен, аймақтардың барлығын да бірдей қамтамасыз ету мүмкін болмай отырған сыңайлы. Әрине қазақ халқының ішінен шыққан мұғалімдер болғаны да жасырын емес. Дегенмен жетіспеушілік байқалғаны рас. Бұл олқылықтар Ағарту халық комиссариаты жұмысының жаңа экономикалық саясаттың бағыттары мен талаптарына сай болмауымен де байланысты болып отырған. Өйткені Ағарту халық комиссариатының жергілікті білім басқармаларымен байланысы нашар деңгейде жүрді. Сондықтан уақыт оздырмай Ағарту халық комиссариатының жергілікті жерлердегі органдарының қызметін ашық болуын және ондағы ахуалды біліп отыру үшін арнайы баяндамалар мен қызметтік хаттарды жүйелі сұратып отыру ісі қолға алынды. Түрлі жерлерден келген есептерден байқағанымыз алғашқы жылдардағы оқу үдерісі тек маман тапшылығы ғана емес, сонымен қатар өзге де маңызды мәселелер де дағдарысты жағдайда болғандығын байқауға болады. Материалдық ресурстардың болмауы себепті оқу үдерісі де түрлі кедергілер себебінен баяу жүрген. Тіпті оқу үдерісіндегі белсенділіктің әлсіздігінен жергілікті жерлерден есептердің өзі кешігіп жетіп отырған. Осы жылдары оқушылар ғана емес, сонымен қатар мамандар арасында сүзек ауруы да кеңінен тарап, оқу үдерісінің жүйелі жұмысына өз кедергісін келтіріп отырған (ҚР ПА, 445: 111).

Уақыт өте келе, алғашқы қадамдар жасалып, зайырлы білім беретін мектептердің ашылуы қазақтар арасындағы білімге деген жаңа сұранысты арттыра түсті. Мәдени дамуға деген жергілікті халықтың қажеттілігі өз кезегінде оқу үдерісінің ерекшеліктері мен әдістемесіне көңіл бөлу сынды маңызды мәселелерді күн тәртібіне көтерді.

Қазақстанда кеңестік биліктің орнауымен қалыптаса бастаған зайырлы білім беру жүйесінің алғашқы қадамдары алдымен мектеп құрылыстарын жүргізу сынды ұйымдастырушылық сипаттағы жұмыстармен тығыз байланысты болды. Сонымен қатар мақсаттар мен міндеттерді анықтау Ағарту халық комиссариаты жанынан құрылатын бөлімдер мен жұмыс жоспарларын бекіту ісімен тығыз байланысып жатты. Нақты жұмыс жоспары Ағарту халық комиссариаты бөлімдерінің дұрыс жұмыс жасауы үшін қабылданған болатын. Тіпті бөлімдердің жанынан да бөлімшелер ашылды. Ол бөлімшелер нұсқаулық беру және мұғалімдер даярлау ісіне жауапты бөлімшелер, сонымен қатар мектеп-коммуналар, мектепке дейінгі тәрбие бөлімшелері мен кәсіптік білім беру істерін қамтыды. Деректер мен аталған мәселе төңірегіндегі зерттеу жұмыстарын талдай келе, біз жоғарыда атап өткен қиыншылықтармен қатар, ұйымдастыру жұмыстарының дұрыс жүргендігі және Ағарту халық комиссариаты бөлімдері мен бөлімшелері арасында байланыстың жоқтығын да атап өте аламыз. Жергілікті жерлердегі білім басқармаларының жұмыстарындағы дербестік және орталық органдармен байланыстарының нашарлығы да ортақ мақсатқа жету жолдарын қиындатты. Сондықтан да болар ұйымдастыру жұмыстарының нашарлығы мен бөлімдер, бөлімшелердің орталық органдармен тығыз байланысып жұмыстар атқармауы осы бағытта жаңа шешімдер мен ережелерді қабылдауға түрткі болды. Оған қоса білім беру ісін ұйымдастыратын органдардың жұмысы дәстүрлі қазақ қоғамының шаруашылық істерінің ерекшеліктеріне байланысты да қиындай түсті. Өйткені қазақ халқының басым көпшілігі көшпелі мал шаруашылығына негізделген өмір сүру тәртіптеріне сүйенді. Сондықтан көшпелі мал шаруашылығына сай өмір сүретін тұрғындар арасында тұрақты мектеп жұмыстарын ұйымдастыру қиындықтар туғызды. Елді мекендер мен ауылдар, қалалы жерлердегі мектеп жұмыстары тұрақтылығымен ерекшеленді. Кітаптар мен оқулық мәселесі шешілмесе де балаларды мектеп ісіне қамту жұмыстары салыстырмалы түрде алғанда анағұрлым жақсы болды. Ал қазақтың кең даласын жылдың төрт мезгілінде қыс-қыстау, жаз-жайлау көшіп қонып жүрген қазақ балаларын мектеп жұмысына тарту мүмкін емес болды. Осы жылдары көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар арасында зайырлы білім негіздерін тарату мақсатында арнайы әдістер мен жолдары да қарастырыла бастады. Мысалы мал шаруашылығының өзі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып бөлінетіні белгілі. Егер де көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар жылдың төрт мезгілінде де көшіп, үлкен аумақ арасында көшіп қонып жүрсе, жартылай көшпелі мал шаруашылығы тек белгілі бір аудан аумағында ғана мал шаруашылығымен айналысқан. Демек белгілі бір дәрежеде жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар арасында зайырлы білім негіздерін тарату ісінің мүмкіндіктері жоғары саналды. Міне көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылықтарымен айналысатын қазақтар арасында мектептер ашу барысында бірқатар маңызды мәселелер туындады. Мысалы оқу мерзімі, оларды қай жасқа дейін оқытудың маңыздылығы, оқулықтармен қамтамасыз ету сынды өзекті мәселелер өз шешімін таппаған еді. Алғашқы уақыттарда білім беру екі деңгейлі мектептерде жүзеге аса бастады. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар үшін міндетті түрде I деңгейлі мектептер ашу ісі жоспарланып, оқу алғашында ана тілінде жүзеге асқанымен, 2 оқу жылынан бастап, орыс тілі міндетті оқытылу көзделді. Тіпті алғашқы жылдары Мерке сынды жерлерде интернаттар ашылып, көшпелі қазақтардың балаларын жаппай мектепке тарту ісі де басталған болатын. Ал 2 деңгейлі мектептерде оқу үдерісі тек қана орыс тілінде жүрді. Алғашқы жылдары көшпелі мал шаруашылығындағы қазақ балалары үшін мектепке дейінгі білім мекемелеріне тарту ісі кейінге шегеріліп тұрды. Ол әрине мектеп ғимараттарының жоқтығы, материалдық жағдайдың нашарлығы, қаражаттың жетіспеушілігі сынды өзекті мәселелермен тығыз байланысып жатты. Сондықтан көшпелі өмір салтына сай кең даланың әр жерінде орналасқан елді-мекен балаларын жинау қиындықтар туғызды. Оның үстіне мектеп ғимараттарының жетіспеушілігі де байқалған болатын. Мысалы Сырдария мен Жетісу облыстары алғашында Түркістан Республикасының аумағында болған еді. Түркістан Республикасының Ағарту халық комиссариатының жоспарына мән беретін болсақ, 1921 жылы жаңа мектеп салу ісі жоспарда болмаған және халықтың саны мен тиісті мектеп ғимарат санының жетіспеушілігі байқалады. Сондықтан Түркістан Республикасының Ағарту халық комиссариаты алғашқы жылдары мектеп салу ісіне ауыл тұрғындарын жұмылдыруды көздеген. Еңбек міндеткерлігі негізінде тұрғындарды мектеп құрылысына салуды көздеген большевиктер барлық ауылдар мен қыстауларда бір-бірден мектеп салуды жоспарлайды. Өз кезегінде большевиктер жергілікті тұрғындар үшін мектептің керектігін ескере отырып, өз жоспарларын халықтың қажеттілігін пайдалана отырып жүзеге асырды. Мектеп құрылысына қажетті кірпіш, қамыс пен жұмысшы күші тұрғындар тарапынан қамтамасыз етілсе, Халық ағарту комиссариаты өз кезегінде темір, әйнек сынды сирек кездесетін әрі халықтың қолында жоқ материалдармен қамтамасыз етуі тиіс болды (История..., 2015: 19-21). Ескере кететін жайттардың бірі – зайырлы білім беру жүйесін енгізу барысында мектептердің барлығы дерлік

жаңадан салынған жоқ. Өйткені Халық комиссарлар кеңесі қабылдаған жобаға Ішкі істер халық комиссариаты берген қорытынды да мектеп және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізетін мекемелердің ғимараттары мақсатты пайдаланылуы тиіс дей келе, оқу үдерісін ұйымдастыру үшін мектеп ғимараттары ретінде бос тұрған құрылыс нысандарын да белсенді пайдалану қажет екендігі айтылады (РФ МА, 527: 5).

Қазақстандағы зайырлы білім беру ісіндегі маңызды қадамдардың бірі индустрияландыру жылдарына түспа-түс келді. Ол әсіресе қазақ жастары арасында техникалық білім алуға үлкен көңіл аудару ісімен тығыз байланысты болды. Индустрияландыру жылдарында Ағарту халық комиссариатының қызметінде тың бағыттардың пайда болғандығын байқаймыз. Ол бағыт республика аумағында техникалық білім беру бағытын қалыптастырумен тығыз байланысты болған еді. Рас индустрияландыру жылдарында салына бастаған өндіріс орындары мен теміржолдар қазақ жастарының техникалық білім мазмұнына ие болуын талап етті. Бұл алдымен техникалық білімі бар мамандарға деген сұраныстан туындаған болатын. Әрине алғашқы жылдары мұндай қажеттілікті өтеу үшін алдымен Қазақстаннан тыс аймақтарда техникалық мамандарды даярлау ісі жүзеге аса бастады. Әрине одақтас республика аумағында маман даярлау ісі, мұғалімдерді даярлау, мектеп ғимараттарын салу, көшпелі қазақ ауылдарының балаларын оқыту, мұғалімдердің материалдық жағдайларын көтеру, мектеп және орыс тілін оқыту курстарының желісін қалыптастыру істері үлкен қаражатты талап етті (ҚР ПА, 2259: 3). Мұндай қаражат тіпті Қазақстан үшін де салмақты болғаны жасырын емес. Сондықтан қалыптасқан ахуалды бағамдай отырып, Ағарту халық комиссариаты үшін ауқымды атқарылатын жұмыстар мен өз шешімін табуы тиіс мәселелер анықталды. Мұндай маңызды мәселелердің шешімі ең алдымен орталық тарапынан қаржылық қолдаумен тығыз байланысып жатқандығы анық еді. Қазақстанның Ағарту халық комиссариаты 1926 жыл мен 1927 жылдар аралығындағы оқу үдерісі барысында мектеп жасындағы балалардың 30% мектепке жұмылдыра алды. Алайда мектеп жасындағы қазақ балаларының тек 20% ғана оқу үдерісіне тартылған болатын. Әрине осыған дейінгі жылдармен салыстырғанда бұл үлкен көрсеткіш еді. Дегенмен зайырлы білім беру жүйесіндегі қазақ ауылдары мен ауылдық мектептері үшін бұл бағыттағы жұмысты әлі де болса қарқынды етуді талап еткенін көрсетеді. Оқушылардың құрамында да тепе-теңдік сақтала бермеді. Мысалы 1928-1929 оқу жылдарында мектептерге тартылған қазақ оқушыларының 89% ұлдар болса, тек 11% ғана қыздар болған еді. Бұл ретте орыс оқушылары арасындағы көрсеткіштер көңілге қонымды еді. Өйткені аталған оқу жылында олардың 66,3% ұлдар болса, 33,7% қыздар болған еді. Сондықтан осы олқылықпен жұмыстың жүйелі жүргізілуі нәтижесінде 1939-1940 оқу жылында мектепке тартылған қазақ оқушыларының 45,1% қыздар болған. Бұл сөзсіз Ағарту халық комиссариатының атқарған үлкен жұмысының нәтижесі болып табылды. Ағарту халық комиссариатының зайырлы білім беру жүйесіне негізделген оқу үдерісін ұйымдастыруда жеткен жетістіктерінің бірі қазақ халқының тұрмысы мен тіршілігіне лайықталған интернат жұмыстарын іске қосуы деп айта аламыз. Өйткені XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін қазақ халқы көшпелі мал шаруашылығына негізделген өмір сүру тәртібіне сүйенді. Сондықтан қазақ балаларын тұрақты түрде мектепке жұмылдырудың қиындықтары туындаған болатын. Жалпы мектеп-интернат жұмыстарының белсенді жүруі бастауыш білімнің міндетті болуы тиіс деген Орталық қаулысымен тығыз байланысты болды. Қазақстан үкіметі осы мақсатта арнайы мектеп-құрылысы комитетін ұйымдастырды. Бұл комитеттің негізгі мақсаты қазақ ауылдары мен елді-мекендеріндегі мектеп құрылысын ұйымдастыру ісімен байланысты болды. Мәселенің маңыздылығын алдымен осы мектеп құрылысына бөлінетін қаражаттың жыл сайын ұлғайып отыруымен түсіндіруге болады. Мұның барлығы қазақ ауылдарында мектептің үлкен желісінің пайда болуына жағдай жасаған болатын. 1938 жыл мен 1939 жылдары Қазақстандағы мектептер саны да артып, 1932 жыл және 1933 жылдармен салыстырғанда 15,5%-ға өскен болатын. Қазақстанда мектепте оқитын балалардың 40,8% қазақ балалары болған еді. Бұл ретте мектеп-интернаттардың үлес салмағы өте жоғары. Ауылды жерлерде ашыла бастаған мектеп-интернаттардағы балалардың жалпы саны 22 мың оқушыны құраған болатын. Демек осы келтірген статистикалық мәліметтерді сараптай келе және мектеп құрылыстарына қатысты құжаттардағы көрсеткіштерді негізге ала отырып, біз төмендегідей динамикалық өсімді байқаймыз. Бастауыш мектептер саны 1914 жылы 1958 болса, бұл көрсеткіш 1920 жылы 2339 мектепке өскен. Ал 1940 жылы бастауыш мектептердің саны 6111 құраған болатын. Демек қарқынды өсу динамикасы байқалады. Толық емес орта мектептердің де санында өсім байқалады. Мысалы 1914 жылы олардың саны 41 болса, 1920 жылы 71 толық емес орта мектеп жұмыс жасап тұрған. Аталған көрсеткіш 1940 жылы 661-ге дейін жеткен. Орта мектептер саны да жыл өткен сайын көбейіп отырған. 1914 жылы 12 орта мектеп болса, 1940 жылғы статистикалық мәліметтерге қарағанда олардың жалпы саны 583 орта мектеп болып тіркелген. Ал осы мектептерде оқитын оқушылардың жалпы саны 1914 жылмен салыстырғанда он есеге өскендігін байқаймыз (20 лет..., 1940: 196-197).

Біз жоғарыда Қазақстанда кеңестер билігінің орнауымен орта кәсіптік білімі бар қазақ жастарына деген сұраныс артқандығын атап өткен болатынбыз. Міне осы қажеттілікті Ағарту халық комиссариаты да дұрыс жағынан шеше алғандығын атап өту қажет. 1914 және 1915 оқу жылында Қазақстанда жалпы саны

7 техникум ғана болса, мұндай орта арнаулы білім мекемесінде 302 оқушы білім алды. Бұл көрсеткіш 1940 жылы едәуір өскен. Мысалы олардың саны аталған жылы 120-ға жетсе, онда 26321 оқушы арнаулы білім алу мүмкіндігіне ие болған еді. Демек бұл бағытта Ағарту халық комиссариаты белсенді жұмыс атқарғандығын байқаймыз.

Қорытынды. Қазақстанда кеңестер билігінің орнауымен білім саласында орын алған түбегейлі өзгерістерді жүйелі түрде жүзеге асыруда Ағарту халық комиссариатының атқарған қызметіне жоғары баға беруге болады. Өйткені аз уақыттың ішінде жана сипаттағы мектептердің құрылысын ұйымдастырып, бар ғимараттарды қайта жөндеуден өткізу ғана емес, сонымен қатар оқытылатын пәндерге қатысты оқулықтармен қамтамасыз ету ісін тиісті деңгейінде жүзеге асыра алды. Әрине алғашқы жылдары қиындықтар көптеп кездесті. Олардың қатарында біз жоғарыда атап өткен мәселелермен қатар, маман тапшылығымен де тығыз байланысты еді. Осы ретте Ағарту халық комиссариаты ұлт қайраткерлерін қазақ тіліндегі оқулықтарды жазу ісіне жұмылдыра алды. Сөзсіз Сталиндік құғын-сүргінге дейін Ағарту халық комиссариатының жұмысында біз құндылықтарға мән беру сынды үрдісті байқаймыз. Оның дәлелі біз келтірген ұлт қайраткерлерінің осы бағыттағы белсенді жұмысы болып табылады. Алайда уақыт өте келе, бұл оқулықтардың орнын 1939 жылдары жаңа сипаттағы оқулықтар басып, ұлттық құндылықтар ескерусіз қала бастады деп айтуға болады. Ағарту халық комиссариатының атқарған ауқымды жұмысын алдымен мектеп санының жыл сайын артып отырғандығымен түсіндіруге болады. Оған қоса көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ ауылдары үшін мектеп-интернаттар салынып, қазақ балаларын жаппай мектепке тарту жүйелі түрде қолға алынды. Әрине бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижелігі қазақ балаларының үлес салмағының артуымен де тығыз байланысты деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

История образования в архивных источниках (по материалам ЦГА РУз). Том II (1917-1991жж.). Сборник документов. Ташкент, 2015. 503 с.

Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (бұдан әрі - ҚР ПА). 139-қ., 1-т., 444-іс, 41-п.

ҚР ПА. 139-қ., 1-т., 444-іс, 38-п.

ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 186-іс, 75-п.

ҚР ПА. 139-қ., 1-т., 444-іс, 37-п.

ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 2259-іс, 3-п.

ҚР ПА. 139-қ., 1-т., 444-іс, 40-п.

ҚР ПА. 139-қ., 1-т., 444-іс, 42-п.

ҚР ПА. 139-қ., 1-т., 445-іс, 107-п.

ҚР ПА. 139-қ., 1-т., 445-іс, 111-п.

Мажитаева Ш., Қалыбаева С.Б. XX ғасыр басындағы қазақша оқулықтардың тілі туралы // Қарағанды университетінің хабаршысы. №2(58). Қарағанды, 2010. 142 б. (33-38 б.).

Мұхатова О.Х., Қайпбаева А.Т. Қазақ халық ағарту институты және оның қызметі // ҚазҰУ хабаршысы.

Тарих сериясы. №2(101). 2021. 130-132 б.

20 лет Казахской ССР. Алма-Ата, 1940. С. 194

Ресей федерациясы мемлекеттік архиві (бұдан әрі - РФ МА). 2306-қ., 1-т., 527-іс, 2-п.

РФ МА. 2306-қ., 1-т., 527-іс, 5-п.

References

Istorija obrazovanija v arhivnyh istochnikah (po materialom CGA RUz). Sbornik dokumentov [The history of education in archival sources (according to the material of the Central State Archive of the Republic of Uzbekistan)]. V.II (1917-1991). Tashkent, 2015. 503 s.

Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ arhivi (QR PA) [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

KR PA F.139.V.1.C.444.P.41

KR PA F.139.V.1.C.444.P.38

KR PA. F.139.V.1.C.444.P.37

KR PA. F.141.V.1.C.2259.P.3

KR PA. F.139.V.1.C.444. P.40

KR PA. F.139.V.1.C.444. P.42

KR PA. F.139.V.1 C.445.P.107

KR PA. F.139.V.1 C.445.P.111

Majitaeva Sh. Qalibaeva S.B. XX gasır basındaǵı qazaqsha oqulıqtardıc tılı turalı [On the language of Kazakh textbooks in the early twentieth century] Qaragandı Universitetinic Habarshisi. №2 (58) Karaganda, 2010. s. 142. (33-38 s.).

Resei Federacijasy memlekettik arhivi (RF MA). F.2306.V.1.C.527. P.2

RF SA. F.2306.V.1.C.527. P.5

**МАЗМҰНЫ
CONTENTS
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Белтепов Ж. М.
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

Асымова Д.Б.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
MEDIEVAL HISTORY
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

Ошан Ж.
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

Aubakirova K.K., Taiman S.T.
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
NEW HISTORY
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

Дүйсебаева А.И.
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
SOVIET PERIOD HISTORY
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

Гривенная Л.А.
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

Мусағалиева А.С.
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

Исенов О.И., Купенов Б.К.
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

Төлентаева К.А. ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШУІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
Болтаева С.Ж. ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
Борбасов С.М. АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА	
Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
Найманбаев Б.Р. ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ	
Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А. САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
Хабдулина М.К., Ғайса А.М. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
Оразбаева А.И. ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә. ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР
REVIEW
РЕЦЕНЗИЯ**

Аканов К.Г.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ
ANNIVERSARY
ЮБИЛЕЙ**

АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ239